

Жоғары білім берудің қазіргі тенденциялары



- Білім берудің негізгі міндеттері
- Білім беру парадигмалары
- Кредиттік оқу жүйесі.

Негізгі әдебиеттер:

- Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика (для магистратуры) — Алматы, 2006
- С.С.Тілеуова Жоғары мектеп педагогикасы, Шымкент, 2009
- А.К.Мыңбаева Основы педагогики высшей школы. А., 2010
- Кенесарина З.У. Педагогика высшей школы. Учебно методическое пособие. Алматы: Триумф «Т», 2007. 200 с.
- Педагогика и психология высшей школы /Под.ред. М.В.Буланов. —М., 2002.-545с.
- Архангельский С.И. Лекции по теории обучения в высшей школе. М., 1998.
- Бабанский Ю.К., Ильина Т.А., Жантекеева З.У. Пед. высшей школы — А, 2001.

- **Қазақстан Республикасы жоғары мамандандырылған білім беру жүйесі**
Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мынадай міндеттерді шешуге:
- *Бірінші*, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуге (интеграция);
- *Екінші*, педагог қызметкерлерді мәртебесін көтеруге;
- *Үшінші*, сапалы білім берудің қол жетімділік кепілдігін көтеруге;
- *Төртінші*, басқару және қаржыландыру жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес қазақстандық білім беру әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу міндеті:
- «Білім берудің құрылымы мен мазмұнын жаңарту»; «Оқыту технологиясын жетілдіру»; «Білім беру сапасының ұлттық бағалау жүйесін дамыту» жолдары арқылы шешіледі.

- Білім берудің міндеті - әрбір адамға өз дарыны және бар шығармашылығын толық ашуға мүмкіндік беру. Демек, әркімге өзінің жеке жоспарын жүзеге асыруға жол ашу деген сөз. Бұл басты мақсат болып табылады.

- Білім беру ісі қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуы жолында бірқатар міндеттер атқаруы тиіс. Әлеуметтік қажеттіліктердің ең маңыздысы осы қоғамның өзі тұжырымдаған игілік-ізгілік қағидаларын ұстануға ұмтылыс болып табылады.

- Ең алдымен, **білім алуға үйрену қажет**. Алайда, ғылыми прогреспен және экономикалық, әлеуметтік саладағы жедел өзгерістерді ескере отырып, жалпы мәдени білімді шектеулі пәндерді терең игеру мүмкіндігімен ұштастыру қажет болады. Жалпы мәдени деңгейдің биік болуы үздіксіз білім алуға апаратын тікелей баспалдақ деуге болады, өйткені, ол білімге құштарлықты туғызады және өмір бойы ізденуге ықпал етеді.

- Екіншіден, жұмыс істеуге дағдылану керек. Мамандықты үнемі жетілдіру – кең мағынада жан-жақты жетілу – болжап болмайтын көптеген тосын жағдайлардан алып шығады. Мұндай тереңділік пен біліктілікке қол жеткізу үшін оқушылар мен студенттердің оқумен қатар, кәсіби және әлеуметтік салада жұмыс істеп, өз қабілеттерін сынай алмайтындай және тәжірибе алатындай мүмкіндіктері болуы қажет.

- Үшіншіден, бұл ең бастысы, **өмір сүре білуге үйрену керек.** Бұл мәселе 1972 жылы ЮНЕСКО қамқорлығымен жарық көрген Эдгар Фордың баяндамасында баса көрсетілген. Баяндамада атап өтілгендей, әр адамның бойында бұғып жатқан дарын атаулы түгелдей кәдеге асатындай жағдай жасалуы маңызды. Оның кейбіреуін атап өтсек, олар: ойлауға қабілеттілік, есте сақтау, қиялдау, дене мүмкіндіктері, сезімталдық ... Мұның бәрі адамның өзін-өзі дұрыс тани білуі қажет.

Білім беру парадигмалары

- "Парадигма"- (латын сөзі, ол "үлгі" деген мағынаны білдіреді) - білім берудің концептуальдық моделі ретінде қолданылады. Бүгінде білім берудің бірнеше парадигмалары қолданылады, олардың ішіндегі ең көп тарағаны мыналар:
- Дәстүрлі-консервативтік (білімдік парадигма).
- Феноменологиялық (гуманистік парадигма).
- Рационалистік парадигма (бихевиористік, мінез-құлықтық).

- Парадигмалар оқытушы мен оқушының арасындағы өзара педагогикалық әрекеттің сипаты мен мақсаты бойынша анықталады.
- **Білімдік дәстүрлі парадигма.** Білімдік парадигманың негізгі мақсаты білім беру болып табылады.
- **Бихевиористік парадигманың** негізгі мақсаты керісінше білім берудің мазмұны емес, білімді меңгерудегі әдіс-тәсілдерді қолдану ерекшелігінде болып табылады. Мұнда баланы білімді етіп тәрбиелеп шығарудан гөрі, оны өзі өмір сүретін қоғамға бейімдеп қалыптастыру аса маңызды. Мектептің мақсаты - оқушыларды қоғамның әлеуметтік талаптары мен нормаларына сәйкес келетін мінез-құлыққа бейімдеу.

- Гуманистік парадигманың (феноменологиялық) негізгі мақсаты оқушыны өмірдің субъектісі әрі өзін-өзі дамытуды қажет ететін еркін және рухани тұлғасы ретінде қарастыруы болып табылады.

- *Білім беру парадигмаларының қоғамдағы өзгеріп қолданылуы сол кездегі саяси-әлеуметтік жағдайлардан және әлеуметтік-экономикалық дайындықтан туындайды.*
- *Білім беру парадигмаларының таңдалуында қоғамның тапсырысы ретіндегі жеке тұлға мен кәсіби дайындыққа қойылатын талаптар маңызды рөл ойнайды.*
- *Білім беру парадигмаларын таңдауда оның түрлері жалаң таза күйінде қолданылмайды. Онда негізгі идея басты болуы мүмкін, дегенмен барлық білім беру үлгілерінің элементтері қоса тұтастықта қарастырылады.*

Кредиттік оқыту жүйесінің мәні.

- Несиелік оқыту жүйесін 1869 жылы Гарвард университетінің президенті Чарльз Элиот енгізген. Бұл жүйе Америкада білім сапасын жетілдіру мақсатында мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін енгізілді. 1988 жылдан бастап Еуропа елдері де несиелік жүйеге өте бастады. 1999 жылы 18-19 маусым айында Еуропалық мемлекеттердің білім министрлерінің бірлескен отырысында несиелік оқытудың еуропалық жүйесі қабылданды.

- Халықаралық білім кеңістігінде жоғары білім бойынша несиелік оқытудың іргелі төрт жүйесі бар. Олар: еуропалық жүйе — ESTS, американдық жүйе — USCS, британдық жүйе — CATS, Азия мемлекеттерінде және Тынық мұхиты кеңістігіндегі жүйе — UCTS Қазақстанның білім жүйесі негізінен еуропалық несиелік жүйеге (ESTS) енуді көздеп отыр. Еуропалық несиелік жүйе бойынша Ұлыбритания, Франция, Испания, Германия, Италия, т.б. іргелі мемлекеттерде білім беріледі.

- Жалпы кредит терминінің екі жақты мағынасы бар. Бір жағынан, “кредит” білім беруді қаржыландыруға қатысты қарастырылады. Екінші жағынан, студенттің білімділік іс-әрекетінің еңбек ауқымы мен оқытуды нәтижелеуші өлшем есебімен байланысты. Сондықтанда осы терминді қолдануда қиыншылық туындамас үшін “сынақ бірліктері» деген тиімді..

- Студенттердің жетістіктерін сынақ бірліктерімен бағалаудың өзіндік құндылықтары бар:
- - оқуға деген мотивацияның маңызды жоғарлауына ықпал етеді;
- - оқу бағдарламасын өз бетімен құрастыруға мүмкіншілік беріледі (жеке білім беру бағыты);
- - шет ел жоғары оқу орындарында оқыту процесінің сертификациясымен қамтамасыз етеді;
- - академиялық танылуға кепілдік береді;
- - шет елде білім алу үшін мүмкіншілік шеңберін кеңейтеді;
- - бәсекелестік қабілетінің деңгейін жоғарылатады.